

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ СТАНДАРТЫ

Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

Қалдықтарды тиімді басқару ҚМГ-ның тұрақты даму және экологиялық саясатының маңызды элементі болып табылады. Осы Стандарт қалдықтарды басқару қағидаттарын белгілейді және қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға әрі экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған ҚМГ, оның еншілес және тәуелді ұйымдары, сондай-ақ мердігер ұйымдар, оның ішінде жобалау ұйымдары қызметкерлерінің қызметін реттейді.

Негізгі міндеттері:

- Қалдықтарды басқарудың бірыңғай қағидаттарын белгілеу.
- Қалдықтарды басқару процестерін жетілдіру.
- Бірыңғай корпоративтік тәсілді қалыптастыру.
- Қызметкерлерді, мердігерлерді және қоғамды қалдықтарды басқару процесіне тарту.

Қолданылу саласы

Осы Стандарт ҚМГ мен мердігер ұйымдардың барлық өндірістік қызметіне, оның ішінде объектілерді жобалауға, салуға және жаңғыртуға қолданылады.

Қалдықтарды басқару процестері

Стандарт қалдықтарды басқарудың 12 кезеңнен тұратын процестерін сипаттайды.

1-кезең. Қалдықтарды басқару жөніндегі ақпаратты жинау қалдықтарды басқару мәселелеріне жауапты функцияларды айқындауға, деректерді жинау мен талдауға, сондай-ақ шарт негізінде қалдықтарды мамандандырылған үшінші тарап ұйымдарына беру жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды қамтиды.

2-кезең. Қалдықтардың түзілуі және оларды есепке алу қалдықтарды бөлек жинауға, оларды араластыруға тыйым салуға, қалдықтарды сыныптауға, паспорттауға және есепке алуға, сондай-ақ «Жасыл офис» қағидаттарын енгізуге қойылатын талаптарды қамтиды.

3-кезең. Қалдықтарды жинақтау қалдықтарды жинақтау орындарына, контейнерлерді таңбалауға, қалдықтарды белгіленген орындарда жинақтау талаптарын сақтауға, қалдықтарды жинақтау мерзімдері мен лимиттерін Компанияның да, мердігер ұйымдардың да сақтауына қойылатын талаптарды қамтиды.

4-кезең. Мұнаймен ластанған топырақтарды және қалдықтардың басқа түрлерін қамтитын «тарихи ластануларды» анықтау және жою Компаниялардың келісімшарттық аумағындағы тарихи ластану объектілерін анықтауға, оларды түгендеуге, бағалауға, анықталған тарихи ластанған аумақтар мен қалдықтарды тазарту және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге, сондай-ақ орындалған жұмыстардың сапасын бақылауға қойылатын талаптарды қамтиды.

5-кезең. Қалдықтарды қалпына келтіру және жою Компаниялардың өндірістік процесінде қалдықтарды қайта пайдалануға, белгіленген лимиттер шегінде қалдықтарды көмуге, полигон газдары мен сүзінділер шығарындыларына мониторинг жүргізуге, сондай-ақ полигонды жою қорын құруға және уақтылы толықтыруға қойылатын талаптарды қамтиды.

6-кезең. Қалдықтарды тасымалдау қауіпті қалдықтарды тасымалдауды барынша азайтуға, көлік құралдарына (арнайы белгілердің, GPS болуы), тиеу-түсіру жұмыстарына, рұқсат беру және көлік құжаттамасының болуына, сондай-ақ рейстер саны мен тасымалданған қалдықтардың көлемі туралы ақпаратты тіркеуге және есепке алуға қойылатын талаптарды қамтиды.

7-кезең. Қалдық мәртебесін тоқтату қалдықтарды сұрыптауға және қалдықтардың жекелеген фракцияларын дайын өнім немесе қайталама ресурс санатына ауыстыруға қойылатын талаптарды қамтиды (пластмасса, пластик, полиэтилен, ПЭТ, макулатура (қағаз, картон), шыны ыдыс және шыны сынығы, металл сынықтары, шиналар, тоқыма материалдары).

8-кезең. Қалдықтарды қалпына келтіру және жою бойынша тендерлік рәсімдерді өткізу кезінде мердігер ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары қалдықтарды олар түзілген жерге барынша жақын орналасқан объектілерде қалпына келтіруге/жоюға, мердігер ұйымдарға қойылатын талаптарға, сондай-ақ мамандандырылған ұйымдардың рұқсат құжаттарының болуына қойылатын талаптарды қамтиды.

9-кезең. Қалдықтарды қалпына келтіру және жоюды бақылау қалдықтарды уақтылы шығаруды, тиеу-түсіру жұмыстарын, қалдықтармен жүргізілетін операцияларды (сақтау, залалсыздандыру, көму және т.б.) арнайы құрылыстарды, қондырғыларды және жабдықтарды пайдалана отырып, белгіленген орындарда жүзеге асыруды бақылауға қойылатын талаптарды қамтиды.

10-кезең. Есептілік қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қалдықтарды басқару мәселелері бойынша есептер мен өзге де құжаттарды ұсынуға қойылатын талаптарды қамтиды:

- Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есеп;
- Қалдықтарды түгендеу жөніндегі есеп;
- Ремедиация бағдарламасын іске асыру нәтижелері бойынша есеп;
- Ластаушы заттардың шығарындылары мен тасымалдануының тіркелімі бойынша есеп;
- Қауіпті қалдықтардың паспорттары;
- Қалдықтарды орналастыру объектісі бойынша кадастрлық іс;
- ҚМГ HSE ақпараттық жүйесіне енгізу үшін ұсынылатын қалдықтарды басқару жөніндегі корпоративтік есептер.

11-кезең. Жобалау және нормалау экологиялық жобалау құжаттарын әзірлеуге/түзетуге, қалдықтарды жинақтау және көму лимиттерін есептеуге, қалдықтарды басқару бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ жобалық және рұқсат беру құжаттарының талаптарын сақтауға қойылатын талаптарды қамтиды.

12-кезең. Экологиялық заңнама талаптарын сақтау қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтаудың қажеттілігін және талаптарды бұзғаны үшін көзделген жауапкершілікті белгілейді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қалдықтарды басқару қағидаттары

1. Қалдықтардың түзілуін азайту және оларды қайталама ресурс ретінде пайдалану.
2. Қазақстан Республикасының экологиялық саясатының, халықаралық стандарттардың және үздік тәжірибелердің талаптарын сақтау.
3. Қалдықтарды басқару иерархиясын қолдану: түзілуінің алдын алу, қайта пайдалану, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою.
4. Қалдықтардың түзілу орнына жақындық қағидатын сақтау.
5. Қалдық түзушінің жауапкершілігі қағидатын қалдықтардың бүкіл өмірлік циклі бойында іске асыру.
6. Өндірушілер мен импорттаушылардың кеңейтілген жауапкершілігі қағидатын іске асыру.

7. Қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту және олармен қауіпсіз жұмыс істеу.
8. Ресурс үнемдейтін, аз қалдықты және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу.